

няющей высказывание, или ее значения, то в таких случаях, для достижения однозначности понимания смысла высказывания, прибегают к помощи дескриптивно-интерпретирующих кинематических речений: Bald darauf machte Herr Cleophas wieder einen Spaziergang durch den Park, in einem neuen Gewand, aber mit der gleichen grünen Krawatte. Da schüttelten einige bedenklich den Kopf und sagten: "Schon wieder trägt er die grüne Krawatte ... " [М.К.]

Взаимодействуя с вербальным сообщением, жесты выполняют функции повторения, контрадикции, субституции, дополнения и акцентирования и образуют определенные виды паралингвистических контекстов, в рамках которых реализуют указанные функции.

Невербальные компоненты коммуникации имеют свое стандартное содержание, однако в каждом виде паралингвистического контекста они приобретают некоторый вариант или оттенок значения, который не является строго фиксированным. Таким образом, невербальные компоненты коммуникации приобретают свое действительное значение только в определенном паралингвистическом контексте.

1. Канападзе Л.А., Красильникова Е.В. Жест в русской разговорной речи // Русская разговорная речь / Под ред. Е.А. Земской. – М.: Русск. язык, 1973. – С. 468- 481
2. Колшанский Г.В. Паралингвистика. □ М.: Наука, 1974. □ 84 с.
3. Конечкая В.П. Социология коммуникации: Учебник. - М.: Междунар. ун-т бизнеса и упр. «Братья Карич», 1997. - 458 с.
4. Крейдлин Г.Е., Чувилина Е.А. Улыбка как жест и как слово (к проблеме внутриязыковой типологии невербальных актов) // Вопросы языкознания. 2001. - № 4. - С. 66-93.
5. Сербина О.В. Понятие эмотивного концепта / / Наука и образование.- 2002.-№ 2. – С. 136- 138
6. Чанышева З.З. Перевод невербальных факторов в интерпретации высказываний // Семантика языковых единиц и ее роль в интерпретации текста: межвуз. науч. сб. - М., 1996. - С. 108-112
7. Goffman E. Verhalten in sozialen Situationen. Strukturen und Regeln der Interaktion im öffentlichen Raum. - Gütersloh: Bertelsmann, 1971. - 187 S.
8. Schöner B. Syntax- Prosodie- nonverbale Kommunikation: empirische Untersuchungen zur Interaktion sprachlicher und parasprachlicher Ausdrucksmittel im Gespräch – Tübingen: Niemeyer, 1997.- 178 S.
9. Böll H. Mein trauriges Gesicht. Erzählungen.- Moskau: Raduga: Verlag, 2001. – 276 S.
10. М.К.: Moderne Kurzprosa. Eine Textsammlung.- München-Wien- Zürich, 1978. – 107 S.

*Л. Қ. Тұрабаева*

## СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН СӨЙЛЕМДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ ТУРАЛЫ

Сөз тіркесінің басқа да синтаксистік тіл бірліктерінің қатарында зерттеу объектісі ретінде қарастырылуы, біріншіден, 90-жылдардағы бастауыш мектеп бағдарламаларында бұл тақырыптың енгізілуімен, екіншіден, сөз тіркесінің құрылысы жағынан тілдің кейбір құбылыстарымен ұқсас келуімен (күрделі сөз, тұрлаулы мүшелер), үшіншіден, сөйлемдегі сөз тіркесін анықтай алмаушылықтан қатысымдық үрдістің бұзылу себептерімен, төртіншіден, бастауыш мектепте сөз тіркесін қатысымдық тұрғыда тілдік және сөйлеу бірліктері ретіндегі оқытуды іске асырумен, талап етумен байланысты болмақ.

Зерттеу тақырыбымызға жақын еңбектерге (С.Рахметова, Н.Құрманова) жасалған талдау балалардың өз сөйлеуінде сөз тіркестерін белсенді қолданатындығын көрсетеді [1,2]. Оқушылар жұмыстарында заттың, қимылдың белгілерін білдіретін сөздерді көптеп кездестіруге болады. Бұл, сөз жоқ, оқушыларды сөйлеу дәлдігіне, бейнелілігіне жетуге талпындырады. Бірақ, балалардың сөздік қоры әрдайым бай емес, синтаксистік құрылымдары әртүрлілігімен ерекшеленбейді, балалар шығармалары мен мазмұндамаларында, мәтін құрауда стильдік қателер көптеп кездеседі. Демек, бұл айтылғандар қазақ тілі сабақтарында оқушылардың байланыстырып сөйлеуін жетілдіру бағытында бағдарламада қарастырылған грамматикалық тақырыптармен өзара бай-

ланыста сөз тіркесін мәтінмен жұмыс жасауда қабылдау және шығармашылықпен қолдану арқылы қатысымдық біліктілігін қалыптастыру тұрғысындағы әдістемелік жүйені жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Мәтінмен жұмыс жасауда сөз тіркестерін автордың түпкі ойын бейнелеу құралы, оқиғаның даму шегін (динамикасын) көрсету құралы, мәтін құрылымын түзудің құралы ретінде қолдануға болады.

Әлі күнге дейін сөз тіркесі теориясы туралы, оның табиғаты туралы орныққан пікір жоқ. Бірақ ғалымдардың көзқарастарын жақындататын тұстары бар. Мысалы, сөз тіркестері мен сөйлем – синтаксистің объектісі (М.Балақаев), сөйлем қарым-қатынас жасауда жетекші рөл атқарады. (Ф.Ш.Оразбаева) [3, 4]. Сонымен бірге кейбір ғалымдар (К.Аханов) сөз тіркесін сөйлем құрамынан таныту, сонан соң оны талдаудан өткізу әдісін қолданады [5].

Қазіргі зерттеулерде сөз тіркесін оқыту мәселесінің 2 бағыттылығы байқалады: бұл тіл бірлігінің тілдік және қатысымдық қасиеттерін үйрету мәселелері.

Лингвистикалық әдебиеттерді талдау сөз тіркесін талдау, оның белгілерін (мағынасын, формасын, қызметін) бірлікте үйрету арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуға қатысымдық тұрғыдан келу оқытудың жана продуктивті әдіс-

тәсілдері мен құралдарының пайда болуына себепші болды. Бұл сөз тіркесі ұғымын қалыптастыру, оның синтаксистік бірліктің мағынасы және қызметі тұрғысында қарастыру үрдісіне әкеліп отыр.

Бастауыш сыныптарда сөз тіркестерін функционалды-семантикалық тұрғыда іске асырудың негізгі құралы ретінде мәтін танылады. Мұндай тәсіл сөз тіркесін мәтін жүйесін ұйымдастырушы, мәтіндегі автордың негізгі міндеттері мен ойын беру тілдік құралы ретіндегі мол мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды.

Әдістемелік әдебиеттерді талдау функционалды-семантикалық тәсілді жүзеге асыруды қамтамасыз етуде тілдік бірліктердің мәтіндері рөлінен бақылау жасау керек екендігін көрсетеді.

Сөйлеу әрекеттерінің мәні туралы психологиялық-педагогикалық зерттеулер негізінде оқушылардың белсенді танымдық әрекетін қамтамасыз ететін тілдік құбылысты жетік меңгеруіне мүмкіндік беретін проблемалық оқу міндетін қою оқушылардың қатысымдылық мұқтажының пайда болуына мүмкіндік жасайтын сабақта тілдік жағдаяттар жасау шарттары анықталды.

Психологтардың айтуынша, сөйлеу әрекеті сөйлеуді қабылдау және сөзді тудыру үрдісін қамтиды. Осы үрдістер негізінде жағдаяттың дұрыс элементтерін таңдаудан, оларды біріктіруден, әрқайсысының салыстырмалы өлшеуішін анықтаудан тұратын алдын-ала болжау және түсіну жатыр. Сөйлеу әрекетінің мазмұны мен құрылымына ден қою барабар таңдаудың қатысымдық мәнділігі біліктілігін, сөйлеу әрекетінің редуцивті және продуктивті түрлері сөз тіркестерінің түрлері, сөз тіркестерін қабылдау мен қайта жасауды анықтауға мүмкіндік берді. Сөз тіркесінің функционалды-семантикалық аспектісі бойынша мәтінмен жұмыстың психологиялық және психоллингвистикалық мінездемесіне келесі факторлар: а) алғашқы көркем елестете алуда оқушылардың өмірлік және тілдік тәжірибелерін тірек ету; ә) көркем мәтінді қабылдауда және өзі мәтін құрауда тілдік құралдар деңгейлерінің өзара көмектесе әрекет жасауы жатады.

**Сөйлем мүшелері және олардың орын тәртібін оқыту барысында мәтінмен жұмыс жасау әдістемесінің ерекшеліктері**

Мәтінмен жұмыс істеудің сапалы да тиімді әдістері көп ретте синтаксисті түсіндіру барысында мол байқалады. Оның ішінде, әсіресе, сөйлем, сөйлем мүшелері туралы түсінік беру барысында мәтіннің табиғатын таныту әдістері молаяды.

«Сөйлем мүшелері» тақырыбында, оның ішінде «Тұрлаулы мүшелер», «Тұрлаусыз мүшелер», «Сөйлем мүшелерінің байланысы», «Сөйлемнің бірыңғай мүшелері», «Қыстырма сөздер», «Қаратпа сөздер» тақырыптарын оқыту барысында олардың қызметі мәтін құрумен байланысты танытылуы керек. Ол үшін оқулықта берілген жаттығу мәтіндері талданып, арнайы жаттығулар іріктеледі.

**Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін дамыта оқыту барысында мәтінмен жұмыс жасау әдістемесі**

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері тақырыбын оқыту барысында тек даяр мәтіннен бірыңғай мүшелерін тапқызып қоймай, олардың бірыңғай мүше екенін дәлелдету арқылы пайымдау мәтінін құруды меңгерту керек. Ол үшін оқушыларға, алдымен, дәлелдеу үлгісі беріледі: **Әрбір оқушы мектепке кітап, дәптер, қаламдарын алып келеді деген сөйлемдегі кітап, дәптер, қаламдар бірыңғай мүше болып табылады. Өйткені бұлар нені? деген бір ғана сұраққа жауап береді, бәрі де алып келеді деген баяндауышқа қатысты және бұлардың барлығы – оқу құралдарының аттары.**

Келесі сөйлемдер осы үлгімен талданып, пайымдау мәтіні құрастырылады. Мысалы, **Қаз, үйректің балапаны өте нәзік болады деген сөйлемдегі қаз, үйрек бірыңғай мүше болып табылады. Өйткені бұлар нені? деген бір сұраққа ғана жауап береді, бәрі де балапаны деген бастауышқа қатысып болып тұр және бұлардың барлығы құс атаулары.**

**Қаратпа, қыстырма сөздерді, одағайларды дамыта оқыту барысында мәтінмен жұмыс жасау әдістемесі**

Қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар туралы түсінік берілген соң, олардың тұтас мәтінде алатын орны, атқаратын қызметі туралы білім қалыптастыру қажет. Осы ретте, олардың қолданылу мақсаты - сөйлемдердің біртұтастыққа бірігуіне, мәтіннің жасалуына үлкен байланыс орнату екендігі анықталады. Сондықтан бастауыш саты мұғалімі оқулықта берілген жаттығулардың мәтінін осы бағытта талдап, қаратпа сөздердің, қыстырма сөздердің, одағайдың қызметіне, онда да мәтін құруға байланысты қызметіне оқушылардың назарын аудартады.

Мысалы, мәтіннің ішіндегі одағай сөздерді алып тастап, сөйлемді өзгертіп көру мағынасы мен құрылымына нұқсан келтіре ме, жоқ па, соны анықтату:

Кәкеннің демалысы кезінде әкесі:

- Ертең жолға шығамыз, балам, тағы да тауға шығып кетпе,- деді.

- Қайда барамыз, көке? – деп, Кәкен кәдімгідей көңілденіп қуанышын жасыра алмай қутыңдап қалды.

- Ауылға барамыз, бабана сәлем беріп, батасын алып қайтамыз.

- Баба деген кім ол, көке?

- Бабан - әкеңнің атасы, атаңның әкесі [6].

(Ә.Табылдиев)

Қаратпа сөз туралы түсінік беруде диалог-мәтін қолданудың артықшылық тұстары бар. Тақтаға жазылған диалог талданады:

- Айгүл, математикадан есепті шығардың ба?

- Иә, Темірлан, барлығын шығарып келдім.

- Балалар, мұғалім келе жатыр.

Осындағы асты сызылған сөздер не үшін қолданылып тұрғанын анықтау проблемалық сұрақ қою арқылы іске асырылады. Сөйлеуші ауызекі сөйлеуде екінші адамның назарын дыбыспен немесе қимылмен өзіне аударып алады. Мұнда әрине, белгілі кідіріс болады, жазуда оны үтірмен белгілейміз. Ендеше оқушыға қаратпа сөздің басты белгісі тыңдаушы

назарын аудару екендігін түсіндіру аса қажет, назарын аудару - тыңдату деген сөз. Мәтін туралы түсініктерін бекітуде диалог-мәтінге ат қойдыру тапсырмасын беруге болады.

Сонымен қатар мәтінмен жұмыс жасаудың тәрбиелік жағын да бастауыш саты мұғалімі әрдайым есінде сақтауы тиіс.

Қыстырма сөздердің тек сөйлемді ғана емес, мәтінді де «ұстап тұра алатын» қызметін таныта түсу үшін мынандай салыстырулар қолдануға болады:

Сөйлем

Кірпіш, біріншіден, барлық жерден табылатын саз бен құмнан жасалады, екіншіден, отқа жанбайды, суға ерімейді, үшіншіден, қатты аязда да шытынамайды.

Мәтін

Мындаған жылдар бұрын сәнді сарайларды кірпіштен салған. Кірпіштен үй салу құрылысшыларға өте ұнаған еді. Өйткені, біріншіден, кірпішті саз бен құмнан жасайды. Ал саз бен құм барлық жерден табылады. Екіншіден, кірпіш отқа жанбайды, суға ерімейді, үшіншіден, қатты аязда да шытынамайды. Ақырында, кірпіштен салынған үй қыста жылы, жазда салқын болады.

Қыстырма сөздерді өз сөйлеуінде пайдалана білу, мақсатын көздей білу, тапсырмалары бар жаттығулар жаңа буын қазақ тілі оқулықтарында берілген. Мысалы, 2 сынып қазақ тілі оқулығындағы 172-жаттығуда М.Төрежановтан «Кім ақылды?» мәтіні беріліп, мәтіннің соңғы («сонда екеуінің қайсысы тапқыр, ақылды болғаны?») жауапты «Меніңше, ... Сеніңше, кімдікі дұрыс?» қыстырма сөздері арқылы беру тапсырмасы қарастырылған.

Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы ауызша қарым-қатысын қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Қорыта айтқанда, мәтінмен жұмыс жасау арқылы салыстыру операциясын меңгерту оқу жұмысында, тіл дамыту мен ой дамытуда аса маңызды. Балалар салыстыру арқылы қазақ тілі курсынан сөз бен сөзді, сөз тіркесін, мәтін мен мәтінді, бастауыш пен баяндауышты, зат есім мен сын есімді т.б. айыра білуге үйренеді. Өзіндік белгілерін терең тануға жаттығады.

1. С. Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1994.

2. Н. Құрманова. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. – Ақтөбе, 2001. -298 б.

3. М. Балақаев. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2005. -317б.

4. Ф. Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Білім. 2000. -208б.

5. К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1974 ж.

6. Ә. Табылдиев. Тәрбие өрнектері. – Алматы: Мектеп, 1989. -143 б.

\*\*\*

В статье рассматривается развитие языка на основе текста.

\*\*\*

This article research analysis's basic of development language with help of text.

*А. О. Тымболова*

## САХНА ТІЛІНДЕГІ ИНТОНАЦИЯНЫҢ БАҒАЛАУЫШТЫҚ-ЭКСПРЕССИВТІК ҚЫЗМЕТІ

Сахнадағы бейненің уақыт талабына сай өзгеріп отыруы да заңды құбылыс. Әр кезеңнің өз театры, өз бейнесі, өз шындығы, өз мінезі болады.

Кез келген ұлттың сахна өнері өзінің тегінен, түп-тамырынан, яғни, ұлттық өнерден бастау алады, көне ауыз әдебиетіне жүгінеді. Біз қарастырып отырған кезеңдегі сахна тілінің көркемдік қуаты, саздылық сипаты ерекше.

Сахнадағы интонация – екіпін, дикция, әуен, ырғақ, дем, үн, орфоэпия мәселелерін қамтиды.

Сахна тілінде сөздерді дұрыс айту нормасы бірінші орынға қойылады.

Суреткерлер тілі – қазақ тілінің бай жүйесін сөйлем құрылысын түрлендіруге, сөздің әсер ету қызметіне, ой астарының салмағын сөзге түсіруге, тілдік норманы көркем қалыптастыруға қызмет етті.

Сахнада сөзді үзіп-жұлқып сөйлеуге, сөздің аяғын жұтып, асығып-аптығып сөйлеуге, дауыс екіпінін дұрыс қоймауға, тыныс белгілерін терең ескермеуге болмайды. Яғни, сөйлеуші тыңдаушысына сөзді айқын, әуезді-әуенділігімен жеткізе білуі шарт. Сауатты актер тілдік қатынастың сапасын көрсетуі шарт.

Сахна тіліндегі интонация мәселесінің күрделі құбылыс екендігі айқын. Өйткені драматургиядағы басты нәрсе – тіл екендігін ескерсек, ондағы сауатты сөйлеу мәселесінің өзектілігі өз-өзінен түсінікті. Сахнадағы сөйлеу кезінде интонация аса зор рөл атқарады.

Интонацияның фонетикалық, коммуникативтік, стилистикалық, синтаксистік, эмоционалды-экспрессивтік, мағына ажыратушылық қызметінің барлығы